



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 003 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2005 ЖЫЛҒЫ 12 ҚАҢТАР

KazCard ұлттық төлем карточкасын шығару туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттарының бірі Қазақстан Республикасының аумағында төлем карточкаларын пайдалану арқылы қолма-қол жасалмайтын төлемдерді дамыту болып табылады. Қазіргі кезеңде төлем карточкаларының нарығын дамытудағы негізгі бағыт Төлем карточкаларының ұлттық жүйесін ендіру болып табылады, соның ауқымында төлем карточкаларын бөлшек сауда саласында жаппай пайдалану үшін жағдайлар және инфрақұрылым жасалуы мүмкін.

“Қазпочта” АҚ көрсетілген жүйені құру жөнінде жүргізілетін жұмыс ауқымында KazCard микропроцессорлық ұлттық төлем карточкасын шығарды.

KazCard ұлттық төлем карточкасы ел ішінде қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыру үшін тиімді төлем құралы болуға бейімделген, халықтың қалың көпшілігіне бағдарланған және бөлшек саудада ұсақ төлемдер нарығын қамтуға мүмкіндік береді. Осы KazCard карточкасы басым жақтарының бірі оның көпжақты функционалдығы, яғни оған түрлі төлемдік және төлемдік емес қосымшаларды орналастыру мүмкіндігі болып табылады.

Қазақстан нарығында ұлттық төлем карточкасының пайда болуы республикада Төлем карточкаларының ұлттық жүйесін ендіру жөніндегі нақты қадам болып табылады және бөлшек сауда саласында төлем карточкаларын пайдалану арқылы қолма-қол жасалмайтын төлемдерді кеңейту үшін жағдайлар жасайды.

Осы карточкалар екінші деңгейдегі банктер мен сауда және сервис кәсіпорындары үшін төлем карточкалары бойынша операциялардың құнын төмендететін құрал ғана емес, аздаған сомаға қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыруға, сондай-ақ түрлі қосымша қызмет көрсетуді ендіруге мүмкіндік беретін тиімді шешім бола алады.

Ұсынылып отырған Төлем карточкаларының ұлттық жүйесі өзінің мәні жағынан екінші деңгейдегі бір немесе бірнеше банктің жобасы болып табылмайды, бұл құрылымға тең құқықты негізде барлық қазақстандық банктер кіре алады. Жоғарыда аталған жүйені одан әрі дамыту қазақстандық банктердің неғұрлым белсенді қатысуын талап ететіні сөзсіз және біз олардың қолдайтынына сенеміз. Бәріміз бірлесе отырып Қазақстанның төлем карточкалары нарығының барлық субъектілерін қамтитын шын мәніндегі Төлем карточкаларының ұлттық жүйесін құра аламыз деп ойлаймыз.